

"Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 530 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 14 қарашада № 15993 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;  
осы бұйрықтың 2-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауга жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 17 қазандагы  
№ 530 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
2016 жылғы 27 қаңтардағы  
№ 83 бұйрығымен бекітілген

**Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу**

**бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру**

**бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог**

**қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары**

**мен шарттары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі 139-бабының 7-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зң) сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) атtestаттау комиссиясы – атtestаттау рәсімін және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын беру (растай) рәсімін өткізуге үәкілетті алқалы орган;

2) біліктілік санаты – жұмысты орындау нәтижелілігін көрсететін қызметкерге қойылатын біліктілік талаптарының деңгейі;

3) біліктілік тестілеу (бұдан әрі - тестілеу) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тестілер бойынша педагог қызметкерлерді қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды мезгілінен бұрын атtestаттау кезінде кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау үшін өткізіletіn міndettі кезеңдердің бірі;

4) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жалпылау – педагог қызметкердің кәсіби қызметін жүйелі, бірізді және объективті зерделеу негізінде оның кәсіби құзыреттілігін зерттеу;

5) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру – білім беру мен оқытудың сапасын арттыру үшін бұрын алған кәсіби білімін, біліктілігін, дағдыларын және құзыреттілігін жаңарту, сондай-ақ қолдау, кеңейту, тереңдегу және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқытудың нысаны;

6) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды біліктілік санаттарын (растай) беру үшін атtestаттау – қызметкердің мамандық бойынша кәсіби қызметті орындау үшін қажетті кәсіби құзыреттілігін кешенді бағалауды белгілейтін бірізді әрекеттердің тәртібі;

7) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар – "Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесінде көрсетілген лауазымды атқаратын тұлғалар;

8) сараптау – педагогтің кәсібілік деңгейін және педагогикалық қызметінің нәтижелерін кешенді бағалау;

9) сараптамалық кеңес – атtestаттаудан өтетін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың тапсырған құжаттарын сараптамадан өткізу ді және атtestаттаудың барлық кезендерінің өткізілу мерзімі мен орнын анықтауды, сондай-ақ атtestаттауды үйымдастыру және өткізу ді ақпараттық сүйемелдеуді жүзеге асыратын біліктілікті арттыру институты, ғылыми-педагогикалық кеңес, әдістемелік кабинеттің өкілдерінен құрылған жұмыс органды.

**2-тарау. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім**

**беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің**

**білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында жұмыс істейтін**

**педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым**

**саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары**

**мен шарттары**

**1-Параграф. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы**

**білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен**

## **кейінгі**

**білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс**

**істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан**

**өткізу қағидалары мен шарттары**

4. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды (бұдан әрі – педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғалар) аттестаттау кезекті және мерзімінен бұрын болып бөлінеді.

5. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растай) үшін кезекті аттестаттау Заңның 51-бабына сәйкес кемінде бес жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.

6. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растай) үшін кезекті аттестаттау "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" білім саласындағы уәкілетті органның 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес педагог қызметкерлер қызметінің қорытындыларын кешенді талдамалық жалпылау жолымен бір кезеңде жүзеге асырылады.

7. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу кезінде мыналар айқындалады:

1) білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау;

2) мәлімделген біліктілік санаттарына сәйкес педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік деңгейлеріне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау;

3) өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындау.

8. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын көтеру үшін Заңның 51-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес біліктілік талаптарына сай өтініш негізінде мерзімінен бұрын аттестаттау өткізіледі.

9. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар мынадай біліктілік талаптарына сәйкес өтініші негізінде біліктілік санатын алу үшін мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтеді:

1) екінші біліктілік санатына:

жоғары оқу орнын "үздік" бітірген және кемінде бір жыл педагог қызметінің өтілі бар тұлғалар;

"Болашақ" бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнын бітірген және кемінде бір жыл педагог қызметінің өтілі бар тұлғалар;

кәсіптік орта (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі) оқу орнын "үздік" бітірген және кемінде бір жыл педагог қызметінің өтілі бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

біліктілікті арттыру курсарынан өткен тұлғалар;

2) бірінші біліктілік санатына:

ЖОО-дан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде 3 жыл педагогикалық жұмыс өтілі және магистр академиялық дәрежесі бар тұлғалар;

облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың жене імпаздары болып табылатын екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

қатысу нысандары әртүрлі (күндізгі, сырттай, қашықтан) облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми және спорттық жарыстардың қатысуышыларын даярлаған екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

облыстық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

біліктілікті арттыру курсарынан өткен екінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

3) жоғары біліктілік санатына:

қатысу нысандары әртүрлі (күндізгі, сырттай, қашықтан) облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларының, шығармашылық, кәсіби конкурстардың, ғылыми және спорттық жарыстардың қатысуышыларын немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысуышыларын даярлаған бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

қатысу нысандары әртүрлі (күндізгі, сырттай, қашықтан) облыстық деңгейдегі кәсіби конкурстардың, педагогикалық олимпиадалардың қатысуышылары немесе республикалық немесе халықаралық деңгейдегі қатысуышылары болып табылатын бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

облыстық немесе республикалық немесе халықаралық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтаған бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

біліктілікті арттыру институтынан, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде төрт жыл педагогикалық жұмыс өтілі, бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

ЖОО-дан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, магистр академиялық дәрежесі бар және кемінде төрт жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

Біліктілікті арттыру курсарынан өткен бірінші біліктілік санаты бар тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде бес жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар.

10. Мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар екі кезеңдік аттестаттаудан өтеді:

1) бірінші кезең – біліктілік тестілеу;

2) екінші кезең – қызмет қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

11. Тестілеу сұрақтарының саны 60-ты құрайды:

1) Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамаларын білу – 20 сұрақ;

2) педагогика және психология негіздері – 20 сұрақ;

3) пәндік білім негіздері – 20 сұрақ.

12. Тестілеудің жалпы уақыты жұз елу (150) минутты құрайтын математика, физика, химия бойынша пәндік білім негіздері бойынша тестіленетін педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ, арнайы, жалпы кәсіптік пәндердің оқытуышыларын және өндірістік оқыту шеберлерін қоспағанда, жалпы тестілеу уақыты жұз жиырма (120) минутты құрайды.

Тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптар негізгі пән бойынша кемінде 70%, педагогика және психология негіздері бойынша - 50%, білім саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша - 50% болса, он деп есептеледі. Тестілеу кезінде төмен нәтиже көрсеткен немесе дәлелді себептермен қатыспаған педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар бірінші тестілеуден кейін екі айдан кешіктірмей қайта тестілеуден өтеді.

Дәлелді себептер мыналар болып табылады:

1) ұзақ уақыт бойы еңбекке жарамсыздық (2 айдан аспайтын);

2) жүктілік және бала туу, бала күту демалысында болу;

3) шетелде қызметтік іссапарда болу.

Қайта тестілеу кезінде төмен нәтиже көрсеткен педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді.

Тестілеудің өткізулу мерзімі тестілеу рәсімін өткізуге кемінде 2 апта қалғанда педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғалар хабарланады.

Тестілеу жыл сайын 15 қазан мен 15 желтоқсан аралығында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, білім саласындағы уәкілетті орган,

қарамағында білім ұйымдары бар салалық мемлекеттік органдар бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі.

Өндірістен техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа аудиңде түлғалар біліктілік тестілеуден босатылады.

13. Келесі оқу жылында аттестаттаудан (кезекті және мерзімінен бұрын) өтуге ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген түлғалар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясына өтініш береді.

14. Аттестатталатын педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген түлғалардың тізімдік құрамы білім беру органының алқалық шешімімен жыл сайын 10 маусымға дейін бекітіледі және аудандық (қалалық) білім бөлімдеріне, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларына, білім беру саласындағы уәкілетті органға (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін) ұсынылады.

15. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген түлғалардың қызмет қорытындыларына кешенді талдамалық жинақтауды жыл сайын біліктілік санатының сұранысына сәйкес 1 қантар мен 31 наурыз аралығында сараптама кеңесі жүргізеді:

екінші біліктілік санатына – білім беру ұйымының деңгейінде ұйымдастырылатын сараптама кеңесі, оның құрамына: әдістемелік бірлестіктердің, кафедралардың өкілдері, әдіскерлер, білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагог қызметкерлері, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподактардың, ата-аналар қауымдастырының, жұмыс берушілердің өкілдері кіреді;

бірінші біліктілік санатына – аудан (қала) деңгейінде ұйымдастырылатын сараптама кеңесі, оның құрамына: әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ауданының (қаланың) тәжірибелі педагог қызметкерлері, біліктілікті арттыру институттарының өкілдері, "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподактардың, ата-аналар қауымдастырының, жұмыс берушілердің өкілдері кіреді;

облыстық маңызы бар білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің және оларға теңестірілген түлғалардың бірінші біліктілік санатына және жоғары біліктілік санатына облыстық деңгейде ұйымдастырылатын сараптама кеңесі, оның құрамына: "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасының, әдістемелік кабинеттердің, біліктілікті арттыру институтының, қоғамдық ұйымдардың, кәсіподактардың өкілдері, жұмыс берушілер, облыстың тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді.

16. Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген түлғалардың аттестаттаудан өтуі үшін тиісті деңгейлердің аттестаттау комиссиялары: білім беру ұйымдарында; аудандық (қалалық) бөлімдерде; облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларында; білім саласындағы уәкілетті органдарда (республикалық бағынысты ұйымдар үшін); тиісті саланың уәкілетті органдарында құрылады.

17. Аттестаттау комиссияның құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары және аттестаттау комиссиясының мүшелері кіреді. Хатшы аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

18. Білім беру үйымының аттестаттау комиссиясының құрамын тиісті алқалық орган (мектептің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарының педагогикалық кеңесі) анықтайды және білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына білім беру үйымдарында кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі бар педагог қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық кеңестердің, оқу-әдістемелік бірлестіктердің, біліктілікті арттыру институттарының, кәсіподактардың, өндірістік үйымдардың (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім нысандары үшін), "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін) кіреді.

19. Білім беруді басқару органдының аттестаттау комиссиясының құрамы білім беруді басқару органының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Білім беруді басқару органдының аттестаттау комиссиясының құрамына білім беруді басқару органдының мамандары, кадрлық қызметтердің өкілдері, ғылыми-педагогикалық кеңестердің, оқу-әдістемелік бірлестіктердің, біліктілікті арттыру институттарының, кәсіподактардың, өндірістік үйымдардың (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім нысандары үшін), "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін) кіреді.

20. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады.

Аттестаттау комиссиясының мүшесі болып табылатын аттестатталушы қызметкер өз кандидатурасын қарастырудың кезінде дауыс беруге қатыспайды.

21. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары аттестаттау процесінде:

1) аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар қызметінің қорытындысын қарастырады және талдайды;

2) аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілігін бағалайды.

22. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиялары педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру (растай) процесінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) білім беру үйымының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде екінші біліктілік санатын бекітеді (растайды), бірінші және жоғары санатты беру (растай) үшін педагогтердің материалдарын дайындайды;

2) аудандық (қалалық) білім бөлімінің аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, бастауыш,

негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру үйымдары педагогтерінің бірінші біліктілік санатын береді (растайды);

3) облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының аттестаттау комиссиясы сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша, арнайы білім беру үйымдары педагогтерінің жоғары біліктілік санатын бекітеді, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары, сондай-ақ облыстық бағыныстағы білім беру үйымдары педагогтерінің бірінші және жоғары санаттарын береді (растайды).

Республикалық ведомстволық бағынысты білім беру үйымдарының педагог қызметкерлеріне бірінші және жоғары біліктілік санатын білім беру үйымының басқару органы береді (растайды).

23. Аттестаттау комиссиясының отырыстарын хатшы хаттамамен рәсімдейді.

Хаттамаларда аттестаттау комиссиясының шешімдері және оның мүшелерінің дауыс беру нәтижелері тіркеледі. Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, хатшысы және отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды.

Аттестаттау комиссиясының шешімі отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

24. Білім беру үйымдарының басшылары, олардың орынбасарлары, білім беру үйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, әдістемелік қызметкерлер, білім беру бөлімдері мен басқармаларының қызметкерлері, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, қосымша қызмет бойынша сабак беретін басқа тұлғалар жалпы негізде оқытатын пәні бойынша аттестаттаудан өтеді.

25. Салалық мемлекеттік органдардың білім басқармаларының педагог қызметкерлері және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттауды білім басқармаларының және тиісті мемлекеттік органдардың аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

26. Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау білім туралы дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Білім туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәннен сабак берген жағдайда педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес пәндерді көрсетумен негізгі лауазым бойынша жүргізіледі.

27. Шағын жинақты мектептің педагог қызметкерлері дипломда көрсетілмеген пәннен сабак берген жағдайда жеке куәлігі немесе біліктілікті арттыру курстарында

кәсіби оқудан, тиісті біліктілігі бар қайта даярлау курсында кәсіби оқу туралы сертификаты негізінде атқарып отырған лауазымы бойынша аттестаттаудан өткізіледі.

28. Педагог жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пән бойынша сабак берген жағдайда, оның бұрын алған санаты сақталады, ал аттестаттау біліктілігін арттыру туралы тиісті сертификат болған кезде жалпы негіз бойынша өткізіледі.

29. Арнайы білім беру үйымдарында және арнайы сыныпта (топта) жұмыс істейтін педагог қызметкерлер білім туралы дипломда көрсетілген мамандық бойынша аттестаттаудан өтеді.

Арнайы білім беру үйымдарында немесе арнайы сыныпта (топта) білім туралы дипломда көрсетілмеген мамандық бойынша қызмет жүргізген жағдайда біліктілікті арттыру және білім беру үйымдарында қайта даярлау курсарынан өту нәтижесінде алған сертификатының негізінде атқарып отырған лауазымы бойынша аттестаттаудан өткізіледі.

30. Арнайы білім беру үйымдарында дипломда көрсетілген пәннен сабак беретін педагог қызметкерлер сабак беріп отырған пәні бойынша біліктілікті арттыру курсарынан, білім беру үйымдарында қайта даярлаудан өту нәтижесінде алған сертификаты негізінде аттестаттаудан өткізіледі.

31. Инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептің педагог қызметкерлері дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес және қосымша пәндер (арнайы педагогика, арнайы психология және басқалары) бойынша біліктілікті арттыру курсарынан өткендігі ескеріле отырылып, аттестаттаудан өткізіледі.

32. Мектепте дейінгі білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау олардың біліктілікті арттыру және қайта даярлау курсарынан өткенін және педагогикалық білімін ескере отырып жүргізіледі.

33. Тиісті органдарда білікті мамандар болмаған жағдайда, үйым басшысы білім беру органына педагог қызметкерді аттестаттау туралы өтінімхатпен жүгінеді.

34. Әдістемелік жұмыстан оқытушылық қызметке ауысқан кезде әдіскердің біліктілік санаты дипломда көрсетілген оқыту пәні бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін сақталады. Аудандық, қалалық, облыстық әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.

35. Оқытушылық қызметтен әдістемелік жұмысқа ауысу кезінде пән бойынша біліктілік санаты әдіскердің біліктілік санатына теңестіріледі және оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

36. "Өзін-өзі тану" пәннен сабак берген кезде педагог қызметкердің біліктілік санаты бұрынғы сабак беріп жүрген пәні бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және оның мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

37. Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың өтініш берген біліктілік санатына қызметінің сәйкестігін белгілеу үшін сараптама кеңесінің қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) аттестаттауға өтініш;
- 2) барлық аттестатталатын педагог қызметкерлердің міндепті ұсынуға қажетті құжаттар көшірмелері:

жеке басты куәландыратын құжат;

білімі туралы диплом;

қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаты;

бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік;

біліктілікті арттыру курсарынан өту туралы құжаттар;

3) кәсіптік жетістіктері туралы мәліметтер (болған жағдайда):

педагогикалық тәжірибелі жинақтау материалдары: эссе, шығармашылық есеп, кәсіптік қызметіне өзіндік талдау жасау;

педагогтің ғылыми-әдістемелік қызметі туралы куәландыратын құжаттар: ғылыми-практикалық конференцияларға, шығармашылық конкурстарға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, әртүрлі деңгейдегі педагогикалық оқуларға катысу; мерзімді басылымдардағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ғылыми-әдістемелік материалдар жарияланымдарының көшірмелері;

педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың қызметінің кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары: пікірлер, оқушылар мен тәрбиленушілерден, ата-аналардан, әріптестер мен әкімшілікten алғынған сауалнамалар нәтижелері; практика базаларының басшылары, жұмыс берушілер тарапынан пікірлер, ЖОО-ға тұсу немесе еңбекке орналасу туралы ақпарат;

соңғы үш жылдағы қызметкердің кәсіптік қызметі нәтижелілігінің динамикасы (мерзімінен бұрын аттестаттауда – 1-2 жыл).

38. Аттестатталатын педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың қызмет қорытындысына талдау сараптама кеңесінің отырысында хаттамамен тіркеледі. Білім беру үйіміның әрбір педагог қызметкери бойынша сараптама кеңесі қорытынды (аттестаттау үшін ұсыну/ұсынбау) жасайды, ол білім беру үйіміның аттестаттау комиссиясына жыл сайын 31 наурыздан кешіктірмей ұсынылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның (республикалық бағынысты ұйымдар үшін) сараптамалық кеңесінің құрамына әдістемелік кабинеттің (орталықтардың) әдіскерлері, тиесті бағыттағы қызмет бойынша бағынысты ұйымдардың өкілдері кіреді.

39. Барлық деңгейдегі аттестаттау комиссияларының қарауына мына құжаттардың көшірмелері ұсынылады:

- 1) аттестаттауға өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

- 3) білімі туралы диплом көшірмесі;
- 4) біліктілікті арттыру туралы құжат көшірмесі;
- 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжатының көшірмесі;
- 6) бұрын берген біліктілік санаты туралы куәлік көшірмесі (жоғары білім беру үйимдарынан ауысқан және біліктілік санаттары жоқ педагог қызметкерлерден басқа);
- 7) сараптама кеңесінің қорытындысы.

40. Осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген және жұмысқа шыққан педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарының қолданыс мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін білім беру үйимының атtestаттау комиссиясының қарауына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) біліктілік санатының қолданыс мерзімін ұзарту туралы өтініш (ерікті нысанда);
- 2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) білімі туралы диплом көшірмесі;
- 4) біліктілікті арттыру туралы құжат көшірмесі;
- 5) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжатының көшірмесі;
- 6) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) үшін педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың атtestаттау туралы куәлігінің көшірмесі (жоғары білім беру үйимдарынан ауысқан және біліктілік санаттары жоқ педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардан басқа).

Атtestаттау комиссиясының отырысы өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

41. Білім беру үйимының әр педагог қызметкөі бойынша атtestаттау комиссиясы келесі шешімдердің бірін шығарады:

- 1) біліктілік санаттың талаптарына сәйкес;
- 2) біліктілік санаттың талаптарына сәйкес емес.

42. Педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беруді (растауды) болдырмау туралы шешім толық негіздемемен жеке хаттама арқылы рәсімделеді.

43. Атtestаттау комиссиясы "біліктілік санатының талаптарына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған жағдайда санат бір деңгейге төмендейді, мерзімін бұрын атtestаттаудан өткен жағдайда қазіргі біліктілік санаты оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін сакталады.

44. Біліктілік санатын төмендету туралы шешім, тиісінше, еңбекақы атtestаттау комиссиясының шешімдері негізінде білім беру үйимы басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

45. Педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) туралы бұйрықты барлық деңгейдегі басшылар 1 шілдеден кешіктірмей шығарады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі

орта, жалпы орта, арнайы (түзеу), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатының берілуіне (расталуына) сәйкес еңбекақы төлеу деңгейі жаңа оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап белгіленеді.

46. Біліктілік санатын беру (растай) үшін педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы куәліктерді беру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 31 тамыздан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

47. Аттестатталған педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санатын беру (растай) туралы куәліктерді беру осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналында тіркеледі.

48. Біліктілік санаттары педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың өтініштері негізінде үш жылдан аспайтын уақытқа келесі жағдайларда ұзартылады:

- 1) педагог қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығы;
- 2) жүктілік және бала туу, баланы күту бойынша демалыста болуы;
- 3) қызметтік іссапарда, мамандығы бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерде оқуда (тағылымдамада) болуы;
- 4) тоқтатқан себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы қызметіне қайта келуі;
- 5) Қазақстан Республикасы шегінде жұмыс орнының ауысуы;
- 6) білімін, еңбек өтілі мен біліктілік санатын растайтын құжаттары бар болған жағдайда алыс және жақын шет елдерден Қазақстан Республикасына келген тұлғалардың педагог қызметін жүзеге асыруы;
- 7) білім беру саласындағы үәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан ауысуы.

49. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттары Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында бес жыл бойы сақталады.

Педагогикалық салада Қазақстан Республикасының шегінде жаңа жұмысқа ауысқан кезде педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың қазіргі кездегі біліктілік санаты оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

50. Білім беру ұйымына жұмысқа ауысқан кезде екінші біліктілік санатына спорт шеберіне кандидат теңестіріледі, бірінші біліктілік санатына спорт шебері және халықаралық дәрежедегі шебер теңестіріледі.

Білім беру ұйымына жұмысқа ауысқан кезде ғылым кандидаты, PhD ғылыми дәрежесі бірінші біліктілік санатына теңестіріледі, ғылым докторы дәрежесі жоғары біліктілік санатына теңестіріледі.

51. Зейнеткерлік жасқа дейін 3 жылдан аспайтын уақыт қалған педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санатының қолдану

мерзімі аяқталған жағдайда, кезекті аттестаттаудан босату туралы өтінішіне (еркін нысанда) сәйкес оның біліктілік санаты зейнеткерлік жасқа жеткенше сақталады.

## **2-Параграф. Білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары**

52. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестаттауға дайындық және өткізу;
- 2) аттестаттау комиссиясының қызметшімен әңгіме жүргізу;
- 3) аттестаттау комиссиясының шешім шығаруы.

53. Аттестаттауды өткізуге дайындықты орган басшысының тапсырмасы бойынша білім және ғылым саласындағы мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың (бұдан әрі – аттестаттау органы) кадр қызметі ұйымдастырады және ол келесі іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестатталатын білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерге қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттаудан өткізу кестесін әзірлеу;
- 3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;
- 4) әңгімелесу өткізуге арналған сұрақтарды дайындау.

54. Аттестаттайтын органның кадр қызметі аттестаттауға жататын қызметшілерді алты ай ішінде бір рет айқындайды.

55. Аттестаттайтын органның басшысы аттестаттайтын органның кадр қызметінің ұсынымы бойынша бұйрық шығарады, онымен аттестатталатын адамдардың тізімі, аттестаттауды өткізу кестесі мен аттестаттау комиссияларының құрамы бекітіледі.

56. Аттестаттайтын органның кадр қызметі аттестаттаудан өткізу мерзімдері туралы оны өткізу басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей қызметшілерді жазбаша хабардар етеді.

57. Аттестаттауға жататын қызметшінің тікелей басшысы қызметтік мінездемені рәсімдеп, оны аттестаттайтын органның кадр қызметіне жібереді.

58. Қызметтік мінездеме аттестатталатын қызметшінің кәсіби, жеке басының қасиеттері мен қызметтік іс-әрекеті нәтижелеріне негізделген шынайы бағаны қамтуы тиіс.

59. Аттестаттайтын органның кадр қызметі аттестаттау комиссиясының отырысына дейін үш аптадан кешіктірмейтін мерзімде қызметшіні оған берілген қызметтік мінездемемен таныстырады.

60. Қызметші өзіне берілген қызметтік мінездемемен келіспеген жағдайда өзін сипаттайтын ақпаратты аттестаттайтын органның кадр қызметіне ұсынады.

61. Аттестатталатын қызметшіге аттестаттайтын органның кадр қызметі осы Қағидағаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парагын рәсімдейді.

62. Аттестаттайтын органның кадр қызметі жиналған аттестаттау материалдарын аттестаттау комиссиясына жібереді.

63. Аттестаттау комиссиясын аттестаттайтын органның кадр қызметінің ұсынысы бойынша аттестаттайтын органның басшысы құрады және комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем емес тақ санды құрайды. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ішінен төраға және хатшы тағайындалады. Аттестаттау комиссиясының төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарында терағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады.

64. Аттестаттау комиссиясының құрамына құрылымдық бөлімшелердің және аттестаттаушы органның кадр қызметінің басшылары, кәсіподақтың және ұйымды алқалық басқару кеңесінің өкілдері кіреді.

Аттестаттау комиссиясының болмаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттайтын органның кадр қызметінің өкілі болып табылады, оны аттестаттайтын органның кадр қызметінің басшысы айқындаиды.

Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттау комиссиясының отырысына тиісті материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды және ол өткеннен кейін хаттаманы әзірлейді және рәсімдейді, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

65. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оның құрамының кемінде ұштеп екісі қатысса, занды деп есептеледі.

66. Дауыс беру нәтижелері аттестаттау комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады. Дауыстар тең түскен жағдайда, аттестаттау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

67. Аттестаттау комиссиясы мүшелері келіспеген жағдайда өз ерекше пікірін білдіре алады.

68. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды аттестатталатын қызметшінің қатысуымен өткізеді.

Аттестатталушы аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себеппен қатыспаған жағдайда оны аттестаттау мәселесін қарau комиссия көрсеткен неғұрлым кешірек мерзімге ауыстырылады.

Аттестатталушы аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда қайта аттестаттау тағайындалады. Мемлекеттік қызметші қайтадан дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда ол аттестатталмады деп есептеледі.

69. Отырыс барысында аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделейді, аттестатталатын адамды тыңдайды.

Аттестатталатын адамға қойылатын сұрақтар көсіби даярлық, іскерлік қасиеттер мәселелеріндегі оның құзыреттілігінің деңгейін анықтауға бағытталған.

70. Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталушымен әңгімелескен соң аттестатталушы қызметшіге осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес бағалау парағын толтырады, содан кейін аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) қайта аттестаттауға жатады.

71. Ұйым басшысы лауазымындағы қызметкерді аттестаттауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясын оны осы лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды тұлға құрады.

72. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Аттестаттау комиссиясы құрамына енген аттестаттаудан өтетін қызметші өзіне қатысты дауыс беруге қатыспайды.

73. Қайта аттестаттау бастапқы аттестаттау өткен күннен бастап үш айдан кейін осы Қағидада айқындалған тәртіппен өткізіледі.

Қайта аттестаттауды өткізген аттестаттау комиссиясы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) 10 - атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- 2) 20 - атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

74. Қызметші аттестаттау комиссиясының шешімімен танысады.

75. Аттестаттау комиссиясының шешімдерін лауазымға тағайындауға құқығы бар тұлға бекітеді және оның отырысына қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

76. Аттестатау комиссиясының бекітілген шешімдері қызметшілердің аттестаттау парағына енгізіледі.

77. Аттестаттаудан өткен қызметшінің аттестаттау парагы және оған берілген қызметтік мінездеме жеке ісінде сақталады. Ұйымның басшысы бекіткен аттестаттау комиссиясының шешімі де қызметшінің қызмет тізіміне енгізіледі.

78. Жүктілігі және босануы бойынша демалыстағы және бала үш жасқа толғанша оған күтім жасау үшін жалақысы сақталмайтын демалыстағыларды қоспағанда, барлық қызметшілер аттестаттауға жатады.

79. Қызметшілер азаматтық қызметте болған әр үш жыл өткен соң, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан кейін аттестаттаудан өтеді.

Бұл ретте аттестаттау көрсетілген мерзім басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Бала күтімі бойынша демалыста жүрген қызметшілер қызметке шыққаннан соң алты айдан кейін аттестатталады.

Қызметшілерді аттестаттау олардың өтініштері негізінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін өткізіледі.

Мектепке дейінгі, бастауыш,  
негізгі орта, жалпы орта,  
техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі білімнің  
білім беру бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарында жұмыс істейтін  
педагог қызметкерлер мен  
оларға теңестірілген тұлғаларды,  
және білім және ғылым  
саласындағы басқа да азаматтық  
қызметшілерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары мен  
шарттарына 1-қосымша

Нысан

---

санаттарды растау (беру) жөніндегі аттестаттау комиссиясының атавы)

---

(педагогтың Т.А.Ә. (болған жағдайда))

---

(лауазымы, жұмыс орны)

Өтініш

Мені 20 \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ лауазымы бойынша біліктілік  
санатына \_\_\_\_\_ аттестаттауды сұраймын

Қазіргі уақытта \_\_\_\_\_ санаттамын, ол \_\_\_\_\_ жылға дейін жарамды

Келесі жұмыс нәтижелерін негізге аламын

---

---

---

---

Өзім туралы келесі мәліметті хабарлаймын:

Білімі:

Оқу орнының атавы

Оқу кезеңі

Диплом бойынша мамандық

Жұмыс өтілі:

Жалпы

Мамандық бойынша

Педагогикалық

Осы білім беру ұйымында

Наградалар, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы алынған (берілген) жылын көрсете отырып

---

---

---

Аттестаттаудан өткізу қағидаларымен таныстыым

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

---

(Колы)

Мектепке дейінгі, бастауыш,  
негізгі орта, жалпы орта,  
техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі білімнің білім  
беру бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарында жұмыс істейтін  
педагог қызметкерлер мен  
оларға теңестірілген тұлғаларды  
және білім және ғылым  
саласындағы басқа да азаматтық  
қызметшілерді аттестаттаудан  
өткізу қағидалары мен

шарттарына

2-қосымша

Нысан

**Біліктілік санаттарын беру (растай) үшін педагог қызметкерді аттестаттау туралы КУӘЛПК**

Осы куәлік \_\_\_\_\_

---

берілді (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Біліктілік санаттарын беру (растай) жөніндегі аттестаттау комиссиясының 20 \_\_\_\_  
жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ шешіміне және

---

(білім беру ұйымының толық атауы)

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ бүйрығына сәйкес \_\_\_\_\_

біліктілік санаты берілді (расталды) (

лауазым атаяу)

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)) (қолы)

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)) (қолы)

Мөр орны

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

Берілген күні 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Беру орны

Мектепке дейінгі, бастауыш,  
негізгі орта, жалпы орта,  
техникалық және кәсіптік, орта  
білімнен кейінгі білімнің білім  
беру бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарында жұмыс істейтін  
педагог қызметкерлер мен  
оларға теңестірілген тұлғаларды  
және білім және ғылым  
саласындағы басқа да азаматтық  
қызметшілерді атtestаттаудан  
откізу қагидалары мен  
шарттарына  
2-қосымша

## Біліктілік санаттарын беру (растай) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы

p / c	Тегі, аты, / әкесінің аты( болған кезде)	Лауазым атаяу және берілетін біліктілік санаты	Атtestаттау комиссиясы шешімінің күні	Біліктілік санаттарын беру/ растай туралы бұйрықтың күні мен нөмірі	Куәліктің берілген күні	Алған педагогтың қолы

Мектепке дейінгі, бастауыш,  
негізгі орта, жалпы орта,  
техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі білімнің  
білім беру бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарында жұмыс істейтін  
педагог қызметкерлер мен  
оларға теңестірілген тұлғаларды  
және білім және ғылым  
саласындағы басқа да азаматтық  
қызметшілерді атtestаттаудан

өткізудің қагидалары мен  
шарттарына  
4-қосымша  
Нысан

## Аттестаттауға жататын азаматтыққызыметшіні аттестаттау парагы

Аттестаттау түрі: кезекті -

;

қайта -

(қажеттісін X белгісімен белгілеу керек)

1. Т.А.Ә.(бар болған кезде) \_\_\_\_\_
2. Тұған күні \_\_\_\_ ж. "\_\_\_\_"
3. Білімі туралы, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын аяқтады, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, біліктілігін арттыру,

қайта даярлау, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, берілген күні туралы құжаттар)

---

---

---

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні, біліктілік санаты(разряды)

---

5. Жалпы еңбек өтілі \_\_\_\_\_

---

6. Мемлекеттік және азаматтық лауазымдардағы жалпы жұмыс өтілі

---

7. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің айтқан ескертулері мен ұсыныстары:

---

---

---

---

8. Аттестатталуышының пікірі \_\_\_\_\_

---

—  
—  
—  
—  
—  
9. Аттестатталушиның қызметтік мінездемесіне сәйкес азаматтық қызметшінің  
қызметін тікелей басшысының бағалауы \_\_\_\_\_

---

—  
—  
—  
—  
—  
10. Отырысқа аттестаттау комиссиясының \_\_\_\_\_ мүшесі қатысты.

11. Дауыс беру нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі  
толтыратын азаматтық қызметшінің қызметін қоса берілетін бағалау парагына  
сәйкес бағалау:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді (дауыс саны) \_\_\_\_\_

—;  
—;

2) қайта аттестаттауға жатады (дауыс саны) \_\_\_\_\_

—;\*

3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді (дауыс саны) \_\_\_\_\_

—  
—  
—  
—  
—  
12. Біліктілік санаты (разряды):

1) \_\_\_\_\_ (жазумен) біліктілік санатына (разрядына) сәйкес келеді \_\_\_\_\_

—  
—  
—  
—  
—  
(дауыс саны) \_\_\_\_\_ (әр біліктілік санаты бойынша  
жеке) біліктілік санатын (разрядын) белгілеуге негіз жоқ (дауыс саны) \_\_\_\_\_

---

—  
—  
—  
—  
—  
Корытынды бағалау \_\_\_\_\_

—  
—  
—  
—  
—  
(біліктілік санатының (разрядының) сандық белгісі жазумен жазылады) \_\_\_\_\_

—  
—  
—  
—  
—  
13. Аттестаттау комиссиясының ұсынымдары (олар беретін дәлелдемелерді көрсете  
отырып) \_\_\_\_\_

—  
—  
—  
—  
—  
14. Ескертпелер \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы: \_\_\_\_\_

(қолы)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: \_\_\_\_\_

(қолы)

Аттестаттау өткізілген күн 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ұйым басшысының аттестаттау қорытындысы бойынша шешімі \_\_\_\_\_

Аттестаттау парагымен таныстым: \_\_\_\_\_

(азаматтық қызметшінің қолы және күні)

Ұйым мөрінің орны

\* қайта аттестаттаудан өткен кезде баға қойылмайды

Мектепке дейінгі, бастауыш,  
негізгі орта, жалпы орта,  
техникалық және қәсіптік,  
ортада білімнен кейінгі білімнің  
білім беру бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарында жұмыс істейтін  
педагог қызметкерлер мен  
оларға теңестірілген тұлғаларды,  
және білім және ғылым  
саласындағы басқа да азаматтық  
қызметшілерді аттестаттаудан  
өткізуден қағидалары мен  
шарттарына 5-қосымша  
нысан

Аттестаттаудан өтетін азаматтық қызметшіні аттестаттау парагы (аттестаттау  
комиссиясының мүшесі толтырады)

Аттестаттау түрі: кезекті -

;

қайта -

(қажеттісін X белгісімен белгілеу керек)

Т.А.Ә. (бар болған кезде) \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

Аттестатталушының бағасы \_\_\_\_\_

(өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанғысыз)

Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің шешімі (төмендегінің бірі: атқаратын лауазымына сәйкес, қайта аттестаттауға жатады\*, атқаратын лауазымына сәйкес келмейді):  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясы мүшелері шешімінің негіздемесі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Біліктілік санатына (разрядына) лайықты \_\_\_\_\_

Біліктілік санатын (разрядын) белгілеуге негіз жоқ \_\_\_\_\_  
Негіздеме:  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының мүшесі \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болған кезде), қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болған кезде), қолы)

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_"

\*қайта аттестаттау өткізу кезінде шығарылмайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК